

№1 «Еркетай» Алға бөбекжай балабақшасында өткізілген қамқоршылық кеңес отырысының хаттамасы №4

Күні: 31.05.2024 ж

Қатысушылар: 7 адам

Күн тәртібінде:

- 1 2023-2024 оқу жылына қамқоршылық кеңесінің есебі
2. Келесі оқу жылына балабақша ғимаратын дайындау мәселесі
3. Балабақша ауласын абаттандыру жұмыстары
4. Балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша, балабақша меңгерушісі Ш.Таженова балабақшада ұйымдастырылған қамқоршылық кеңесінің жұмысы туралы айтып өтті. Осы кезге дейін үш отырыс өткізілді. Жыл бойы жоспарланған мәселелер, сұрақтар уақытылы талқыланып, өткізілді.

Екінші – үшінші мәселе бойынша, №1 «Еркетай» Алға бөбекжай-балабақшасы бойынша ағымдағы жөндеу жұмыстары жоспар бойынша орындалуда. Ағымдағы жөндеу жұмыстарына бюджеттен 287155 (екі жүз сексен мың жеті жүз жұлз елу бес) теңге көлемінде қаражат бөлінді. Атап айтқанда: ойын алаңдарын, топ бөлмелерін, балабақша аумағын сырлау, әктеу жұмыстарына арналған қажетті құралдар. Жылу маусымына дайындық жұмыстары уақытында әрі, сапалы жүргізілуде. Қазіргі таңда жылу радиаторлары сырлау, балабақшаның кіре берісін сылап, әктеу жұмыстары жүргізілуде.

Төртінші мәселе бойынша жазғы сауықтыру кезеңіне 1- маусым айынан бастап жүргізіледі.

Мақсаты: балаларды жазғы сауықтыру-шынықтыру шараларына қызығушылықтарын арттырып денсаулықтарын нығайту. Балалардың жан-жақты дамуына, ересектер мен, өз құрдастарымен қарым-қатынас орнатуына балабақша қызметкерлерін (ата-аналарды) жұмылдырып жұмыс жасауға ұйымдастыру.


Тапсырмалар:

-Балалардың моторикасын, ақыл ойының дамуына, денсаулығының шынығуын табиғат аясымен байланыстыра отырып жағдай жасау;

-Балалардың бір-бірімен қарым-қатынас орнату, байланыстырып сөйлеулерін дамыту. Жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыс жоспары педагогикалық кеңесте талқыланып, бекітілді.

Қамқоршылық кеңесінің

төрағасы:



Аметова Е.Д

Хатшы:



Шаганова Н.С